

Абай облысының азаматтарына жеке меншікке тегін ұсынылуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 81 бірлескен қаулысы және Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/14-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 сәуірде № 54-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Абай облысы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Абай облысының азаматтарына жеке меншікке тегін ұсынылуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері осы бірлескен қаулы және шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов

"Абай облысы әкімінің аппараты" ММ
2023 жылғы 21 сәуірдегі № 81 мен
Абай облысы
мәслихатының
2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/14VIII
бірлескен қаулысы мен шешімінің
қосымшасы

Абай облысының азаматтарына жеке меншікке тегін ұсынылуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері

№	Қала мен аудандар атауы	Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері, (гектар)			
		соның ішінде:			
		тұрғын үй құрылысы үшін	бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін	өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін	
				суарылмайтын	суармалы
1	2	3	4	5	6
1	Абай ауданы	0,10	0,12	0,25	-
2	Ақсуат ауданы	0,10	0,12	0,25	-

3	Аягөз ауданы	0,10	0,12	0,25	-
4	Бесқарағай ауданы	0,10	0,12	0,25	-
5	Бородулиха ауданы	0,10	0,12	0,25	-
6	Жарма ауданы	0,10	0,12	0,25	0,15
7	Көкпекті ауданы	0,10	0,12	0,25	-
8	Үржар ауданы	0,10	0,12	0,25	0,15
9	Курчатов қаласы	0,10	0,12	0,25	-
10	Семей қаласы	0,10	0,12	0,25	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК